

# АҚКЕЛДЕН ҰШҚАН АҚҚУ

**Осындай атаумен Ашустасты ауылында Торғай қызы, әнші, сазгер, ақын, Мұгұлсім ТҰРСЫНБЕК-ТІҢ 60 жасына арналып шығармашылық кеш етті.**

Мұгілсім Тұрсынбек киелі поэзия әлемінде өзіндік сыр, өзіндік бояу ажары бар, сырлы да, нәзік әлендерімен оқырман және әдемі қоңыр даусымен тындарман қауымын елең еткізіп, жырмен тербел жүрген есімі халқына танымал дарынды жерлесіміз. Кештің саханасын

Макаренко атындағы мектептің жанынан ұйымдастырылған домбырашылар оркестрі Жанат Танатқан қызының шәкіртері салтанатты түрде ашты. Осы жерде Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Асановтың ауыл-ауылды аралап, домбыраны насиҳаттап жүргенінің он нәтижесі екенін айтқанымыз абзал. Мұгұлсімнің өзі де зейнеткер жасына қарамай ауыл жастарын күй тартысқа дайындалап жүр. Жастармен иықтасып «Сал куренді» тартып отырып жан дүниесі, рухы көтеріліп, жүрегі күй болып төгілді емеспе. Бұл музыка мектебінің домбыра

класс ұстазы Мұгұлсімге тосын сый болды. 1984 жылдан бері өзі жүрген мәдениет үйінің сахнасы жаңа әні «Қызғалдақтармен» ашылды.

Ақынның жаңадан жарық көрген ән-жинақтары: «Ақкелден ұшқан аққу», «Жүрек дабылы» кітаптарының қатарына қосылды. Олар М. Тұрсынбектің: «Жүрек толғауы», «Балдәурен», «Ән салайық» ән жинақтары.

Ән кезегі орындалған сайын көрермен қауым ду қол шапалақ соғып, шоқ-шоқ гулдер сыйлады.

М. Тұрсынбек кешін қорытындылай келе: «Қазақ еліміз-

де, әр отбасында, тату-тәтті бейбітшілік орнасын, ән салып, билеп, тойлас жүрген күндеріңіз көп болсын! Торғай жері дарынды ер, даңқты батыр, таланты, жігерлі ақын, әнші, сазгер адамдарға бай өлке, өзімді еркелеткен қазағымның сенімін ақтап, қошеметтеріңізге бөленіп жүрсем, бақытты жан екенімді сезінемін», - деді.

**Магрипа ҚАСЫМОВА**

